

2010 жылға кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 қаңтардағы N 222 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 03 ақпанда N 8-15-117 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихаты аппаратының 2011 жылғы 20 сәуірдегі N 2-35/86 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихаты аппаратының 2011.04.20 N 2-35/86 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 419, 422 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. 2010 жылға кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған жиынтық салық ставкаларын қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың ауданның бюджеттік саясаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,

хатшы Қ. Саққұлақов
 2010 жылғы 26 қаңтардағы
 Осакаров аудандық мәслихатының
 27 сессиясының N 222 шешіміне
 1 қосымша

2010 жылға кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған жиынтық салық ставкалары

N p/c	Салық салу объектісінің атауы	1 айдың тіркелген жиынтық салық ставкасы АЕК* 1 айда
1.		1

	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3

*АЕК–айлық есептеу көрсеткіші

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК